| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **әңгімелеп беру,кейіпкерлері туралы түсіндіру** | | тапсырмалар беру | бойынша салу |
| | Серуенге дайындық. Киіну. Серуенге шығу | | | | |
| ***Кесте бойынша ҰОҚ*** | ***Серуен №19***<br><br>***Ауа райын бақылау***<br><br>***Бақылау***<br><br>*Табиғаттағы күзгі өзгерістер туралы балалардың білімдерін қалыптастыру*<br><br>**Қыркүйек-***күн қысқарды, күн көзі жаздағыға қарағанда төмендеді, ал ауа температурасы тәулік ішінде біоден өзгереді. Күндіз ауа райы жылы, кейде тіпті ыстық та, бірақ түндер салқындырақ болып барады.*<br><br>*Қазан- суық түсе бастады бұлыңғыр күндер көбірек болып жиі жаңбыр жауатын болды, күшті жел соғатын болды. Ауа температурасы төмендеді. Күн бұрынғыдан қысқарды.*<br><br>*Қараша- күндер қысқарды күн көзі жоғары көтерілмейді күндер бұрынғыдан да суытты. Аспан бұлыңғырланып қар аралас жаңбыр жиі жауады. Ауа температурасы 0* -тен төмен болып, жер қата бастайды, тоғандарды мұз жабады,*<br><br>*Балалардың байқағыштарын дамыту, сөз белсенділігін арттыру.* | ***. Серуен №20***<br><br>***Желді бақылау***<br><br>***Бақылау***<br><br>*Балаларға желдің неліктен соғатынын түсіндіру. Жел-бұл ауа қозғалысы. Желдің күшін өсімдіктердің қозғалысына қарап анықтауды үйрету (күшті, әлсіз, әлсіз жел жапырақтыақырын тербетеді, түсіп жатырған жапырақты сәл ғана жылжытады күшті жел-ірі бұтақтарды шайқалтады ағаштардың жапырақтарын жұлады) Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын тәрбиелеу балалардың ақыл-ой тіл белсенділігін дамыту.*<br><br>*Көркем сөз:*<br><br>*Қанаты жоқ - ұшады,*<br><br>*Аяғы жоқ - қашады*<br><br>*(Жел)*<br><br>*Жел де ауа кәдімгі*<br><br>*Жел дегенің тек бірақ*<br><br>*Ойға – қырға шапқылап,*<br><br>*Байыз таппас ауа ғой.* | ***Серуен №21***<br><br>***Күнді бақылау***<br><br>***Бақылау***<br><br>*Балалар назарын күзгі күн көзінің қалай шығатынына қалай қыздыратынына аудару. Күннің қай уақытында күн көзі қатты қыздырады және неліктен? Күннің орны мен күздегі күн ұзақтығының арасындағы өзара байланысты айту (күн жоғары көтерілмейді, күндер қысқарып барады). Табиғатқа деген байқағыштығын, білуге құштарлығын, сүйіспеншілігін дамыту.*<br><br>*Көркем сөз:*<br><br>*«Анамыздай мейірлі күн,*<br><br>*Аймалайды шыңда тұрып».*<br><br>*Май берейін, құрт берейін*<br><br>*Күннің көзі шық, шық!*<br><br>*Алақай, алақай!*<br><br>*Күн шықты, күн шықты,*<br><br>*Жер үстіне нұр шықты!*<br><br>***Еңбектену әрекеті***<br><br>*Гүлзардағы еңбек.*<br><br>*Гүлзарды солған өсімдіктерден тазарту. Балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру.* | ***Серуен №22***<br><br>***Бұлтты бақылау***<br><br>*Бақылау*<br><br>*Балаларға бұлттар деген не екенін, олардың неліктен аспанда бірде ақырын, бірде тез жылжитынын түсіндіру.Ерте күзде аспан көбінесе көгілдір, таза болып аспанда бұлттарақырын жүйткиді. Бұлттар қозғалысының жел күшімен байланысын айтуға үйрету.*<br><br>*Көркем сөз:*<br><br>*Аспанға шар бу болып,*<br><br>*Жерге қайтар су болып (Бұлт)*<br><br>*Қимыл қозғалыс ойыны*<br><br>*«Біз көңілді балалармыз»*<br><br>*Балалардың қозғалыс белсенділігін, ойын тәртібін орындай білуін дамыту*<br><br>*Еңбектену әрекеті*<br><br>*Еңбек тапсырмалары*<br><br>*Өз өзіне қызмет ету: Серуен соңында ойыншықтарды жинау. Еңбек ету алу қабілетін дамыту, үлкендерге көмек бергісі келетін тілегін тәрбиелеу.* | ***Серуен №23***<br><br>***Жаңбырды бақылау:***<br><br>*Бақылау: Балаларға жаңбырдың неден болатынын түсіндіру, жаңбырдың қандай түрлері болатыны туралы түсіндіру (жылы, суық) Жаңбырдан кейін күн салқындайтынын шалшықтар ақырын кеуіп кететінін атап айту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді есте сақтауға үйрету.*<br><br>*Көркем сөз*<br><br>*Жау, жау, жаңбыр*<br><br>*Жау жаңбыр!*<br><br>*Арық суы мол болсын!*<br><br>*Өсімдіктер көп болсын!*<br><br>*Жауған жерің шөп болсын!*<br><br>*Еңбектену әрекеті:*<br><br>*Табиғи материалдардан қолдан жасалатын зат дайындау* |